

"Ақсу ауданының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібін бекіту туралы" 2014 жылғы 05 маусымдағы № 32-199 Ақсу аудандық мәслихатының шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Жетісу облысы Ақсу аудандық мәслихатының 2023 жылғы 15 желтоқсандағы № 19-86 шешімі. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2023 жылы 19 желтоқсанда № 110-19 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Ақсу аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Ақсу ауданының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібін бекіту туралы" 2014 жылғы 05 маусымдағы № 32-199 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 80936 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақсу аудандық мәслихатының төрағасы

Б. Сулейменов